


«Рауан» бөбекжай бақшасы

Ұйымдастырылған оқу қызмет
«Домбыра-халық даналығы»



Ересек «Нұршуақ» тобы

Тәрбиеші: Джумагазиева Г.Қ

2022 ЖЫЛ

Білім беру саласы: Әлеумет
Қоршаған ортамен танысу

Тақырыбы: "Домбыра халық даналығы"

Мақсаты :

Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары жайлы мағлұмат бере отырып, оның ішінде домбыра аспабының басынан өткерген тарихы жайлы ертегіні айту; қазақтың басқа да аспаптарының әр атауларын айтқыза отырып тілдерін дамыту; өз ұлтына, өз дәстүрін сүйіп өсуге тәрбиелеу.

Көрнекілік: Қазақтың ұлттық аспаптар көрмесі , ұнтаспа,

Жүру барысы:

Балалар, мен қазір сендерге жұмбақ жасырып көрейін. Ал сендер жауабын дұрыс шешуге тырысыңдар!

Қос қазық, екі желі, сегіз нөқта,

Сөйлейді шежіредей адам соқса.

Тағы бір мінезі бар таңғажайып,

Ешуақыт сөйлемейді адам жоқта.

(домбыра)

Балалар бүгін біз қазақтың ұлттық аспаптарын тамашалап, танысатын боламыз.. Қазақтың ұлттық аспаптарының түрлері өте көп екен. Ендеше тақтаға назар аударайық.

(аспаптарды көрсетіп, аттарын айту)

Ұйымдастыру-іздігіру.

- Балалар, домбыра дегеніміз не? (балалардың жауабын тыңдау)

Айсабек: - Домбыра қазақтың ұлттық аспабы.

Алдияр: Домбырамен тойларда ән айтады.

Арман: - Домбырамен ән айтып.күй тартады

- «Нағыз қазақ - қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп тектен тек айтылмаса керек.

Инжу: Домбырадай мұраны
Қастерлеуге тұрады
Сонда жатыр даланың
Үні менен ұраны.

Айнар: Дыбысы оның мың сырлы
Бұлақтай күмбірлі
Ынта қойсаң рахат-ақ
Ол аспаптың бір түрі

Амина: Қамыс құрай ағаштан
Түтікше боп ысылған
Үрлемелі ойықтың
Дыбысы нәзік сызылған.

- Балалар, мен сендерге «Домбыра туралы» аңыз ертегі айтып берейін.

(ертегіні айту)


«Жаумен күрестен, ұзақ жолдан шаршап-шалдығып келе жатқан батыр жолда кездескен ауылға тоқтап, демалмақшы болады. Жар жағасындағы көлеңкеге отырған батыр ағаштың бөлігін кесіп алып, оған аттың қылын тартып, өзі жасаған аспаптан дыбыс шығармақшы болады. Бірақ аспап дыбыс бермейді. Оны батыр қасына қояды да, ұйықтап

қалады. Бір кезде оянса, аспаптан өздігінен дыбыс шығып жатыр екен дейді. Аспапты қолына алып қараса, домбыраның басына, шектің астына салынған ағаш кертпені көреді де, мұны шайтанның ісі деп шешеді. Сонан бері, халық арасында бұл «Шайтан тиек» деп аталып кеткен».

- Міне балалар, содан бері халқымыз домбыраны «Киелі домбыра» дейді. Адамда өз сезімдерін домбыраға салып күймен жеткізген.

Енді мына тақтадағы суреттерден ұрмалы, үрмелі, ішекті аспаптарды табамыз. Домбыра аспабымызбен танысып, домбыраның құрылысына тоқталайық.

1. Құлағы. дыбысты келтіру үшін.
2. Шанағы.

- 
- 3.Пернелері.
 - 4.Қақпағы.
 - 5.Тиегі.
 - 6.Ішегі.

Сергіту сәті.

1.Домбыраны неден жасаймыз? (ағаштан) 2.Ағашты көзімізге елестетеміз. 3.Осы ағашты жанымызға қойып алып жонамыз. Оң жағымызға қойып бір,екі,үш. Сол жағымызға қойып бір,екі,үш. 4.Енді ағашты майлап аламыз.Қолды алға созып жоғары төмен бірнеше рет қайталаймыз. 5.Ою-өрнек салатын сәтте келді.Қолды иіп дөңгелетіп , жоғары көтеріп,төмен түсіріп бірнеше рет қайталаймыз. 6.Домбыра дайын болды.Домбырамызды қолымызға алып шертеміз.Оң жағымызға және сол жағымызға алып бірнеше рет қайталаймыз.

- Сендер қандай күйшілерді білесіңдер?

- Құрманғазы, Дина.

- Жарайсыңдар, олай болса Құрманғазы атамыз Адай күйін тыңдайық.

Ойын: Дыбысты табу ойыны.

Тез ажырата білу.

1.Барабанды ұру. 2.Домбыра және гитараны шерту.

3.Баян,сылдырмақ,сыбызғының дыбыстары арқылы қандай аспаптың дауысы екенін табамыз.

Қорытынды: Сендердің көңіл-күйің қалай? Берілген бет бейнелер арқылы көңіл-күйлерін білдіру керек.

Үйден отбасы мүшелерімен бірге домбыра аспабының суретін салып келу.

Бағалау: Балаларды мадақтап, үлгі ету.

